

# Ембі ТЫНЫСЫ

№ 3 (67)  
СӘУІР  
2021 ЖЫЛ

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

## ЕМБІ ӨНДІРІСІНДЕ ЖЕДЕЛ ӘРЕКЕТ ЕТУ ОРТАЛЫҒЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



*Өндірісті жедел бақылап, басқаруға жаңа мүмкіндік. Ағымдағы жылдың наурыз айында Ембіге қарасты «Жылыоймұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» және «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында Жедел әрекет ету орталығы толық іске қосылды.*

Өздеріңіз білетіндей, алғашқы Интеллектуалды кен алаңы тұжырымдамасы пилотты түрде Уаз кен алаңында ғана енгізіліп, процестерді басқарып бақылау үшін

«Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде визуализациялық орталық құрылған болатын.

Мұнай-газ кешенінде жаңа технологиялар қарқынды дамып келеді. Бұған дейін халықаралық мұнай-газ компанияларының іске асырған шешімдерін және қажетті цифрлық технологияларды енгізу жұмыстарын «Ембімұнайгаз» АҚ орталық кеңсесінің мамандар тобы жүргізді.

(Басы. Жалғасы 5-бетте)



## «САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰӘҚ» АҚ-ДА ЖАҢА БАСШЫ



«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-да жаңа басшы

ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ ұжымына басқарманың жаңа төрағасы Алмаадам Сәтқалиевті таныстырды. Үкімет басшысы Қордың бұрынғы басқарма төрағасы Ахметжан Есімовке Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі және Тәуелсіздік жылдары түрлі мемлекеттік лауазымдардағы тиімді жұмысы үшін алғыс айтты.

Премьер-Министр А. Есімовтің «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ трансформациясын жүргізу және жаңғырту, Қазақстан экономикасын әртарапандыру мен дамытуды арттыру жөніндегі міндеттерді табысты шешкенін атап өтті. Асқар Мамин Қордың жаңа басшысы Алмаадам Сәтқалиевті таныстыра отырып, оның энергетика саласындағы және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ жүйесіндегі үлкен жұмыс тәжірибесін атап айтты.

- ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Самұрық-Қазына» қорының алдында маңызы үлкен міндеттер қойып отыр. Бұл еліміздің инфрақұрылымдық, көлік-логистикалық және индустриалдық дамуын қамтамасыз ету арқылы, сонымен қатар, отын-энергетика кешенін дамыту, инвестицияларды тарту және отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсету арқылы ұлттық экономиканың одан әрі тұрақты дамуына жағдай жасау», — деді А. Мамин.

Алмаадам Майданұлы Сәтқалиев бұған дейін – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры қызметін атқарған болатын.

[www.primeminister.kz](http://www.primeminister.kz)

## ЕМБІДЕГІ ЖАҢА КАДРЛЫҚ ТАҒАЙЫНДАУЛАР



«Ембімұнайгаз» АҚ сатып алу және жергілікті қамту департаментінің директоры болып **Жылқайдаров Максат Өркенұлы** тағайындалды.

Максат Өркенұлы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін, Қазақ гуманитарлық-заң университетін, Алматы заң академиясын «Халықаралық құқық» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2010 жылы Астана қаласындағы «Цесна» корпорациясы» АҚ-да жоба менеджері болып бастаған. Кейін «Мұнай-экология компаниясы» ЖШС-де менеджер, «BSG Tehnology» ЖШС директорының коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары, директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ теңіз және жағалау инфрақұрылымдарын басқару департаменті директорының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» Өнімдері» ЖШС Қарағанды облысы филиалының директоры, аталған серіктестіктің Астана қаласы мен Павлодар облысы филиалының директоры, одан кейін «ҚазМұнайГаз» Өнімдері» ЖШС ағымдағы процесстерді басқару дирекциясының директоры болып еңбек етті. 2020 жылдың ақпан – 2021 жылдың наурыз айлары аралығында «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС Бас директорының орынбасары болды.

2021 жылдың наурыз айынан - «Ембімұнайгаз» АҚ сатып алу және жергілікті қамту департаментінің директоры.

Айта кетейік, бұған дейін аталған департамент директоры лауазымында болған **Қамматов Арман Қатапұлы** ЕМГ Келешекте дамыту жөніндегі басқарушы директоры болып тағайындалды.

## Бас компаниялар жаңалықтары

# 2021 ЖЫЛ «ҚАЗМҰНАЙ ГАЗ» КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БОЙЫНША ЭКОЛОГИЯ ЖЫЛЫ БОЛЫП ЖАРИЯЛАНДЫ – АЛИК АЙДАРБАЕВ

Маңғыстау облысына сапары барысында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы Алик АЙДАРБАЕВ өңірдегі еншілес өндіруші және мұнай-сервис компаниялары басшыларының қатысуымен жиналыс өткізді.

- Өткен жылы еншілес және тәуелді ұйымдар ОПЕК+ келісімі аясында мұнай өндіру бойынша міндеттемелерін негізгі өндірісті сақтай отырып орындағанын атап өткім келеді. Барлық өндірістік бағдарламалар қауіпсіздік техникасына сай іске асырылды – апаттық жағдайлар мен өлім-жітімсіз. Бұған қоса, дер кезінде қабылданған дағдарысқа қарсы шаралардың арқасында өңірлерде өндірісте еңбек етіп жүрген қызметкерлердің қысқартылуына жол бермедік, — деді А. Айдарбаев.

Жиын барысында еншілес компаниялардың 2020 жылдағы қызметінің қорытындысы бойынша есептері тыңдалды. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның есепті кезеңдегі жұмысының қорытындысы туралы Басқарма төрағасы Есен Қайыржан баяндады.

- «Ембімұнайгаз» АҚ-да еңбек қауіпсіздігін сақтау мәселелері бойынша өткен жылды салыстырмалы түрде алғанда жақсы жетістіктермен аяқтадық. 2019 жылы 5 жағдай тіркелсе, өткен жылы бұл бағыттағы жүйелі жұмыстардың нәтижесінде 1 жағдай орын алды.

Қолайсыз факторларға қарамастан, біз ОПЕК+ келісімі шеңберінде мұнай өндіру бойынша шектеулерді ескере отырып және жекелеген кен орындарында газ факторының өсуі жағдайында өндірістік жоспарларды табысты орындадық, - деп ЕМГ Басқарма төрағасы Е. Қайыржан өткен жылғы негізгі өндірістік, геологиялық барлау жұмыстарының көрсеткіштеріне жіті тоқталды.

Ұлттық компанияның Басқарма төрағасы Ембінің геологиялық барлау бағытындағы жұмысына оң баға берді.

«ҚазМұнайГаз» күрделі кезеңде жұмысшыларға қолдау білдіру бағытында барлық жұмыстарды жүргізіліп, жұмысшыларға оңтайлы жағдай жасалды, - деп атап өтті ҚМГ басшысы.

Алик Серікұлының айтуынша, ауыр кезеңге қарамастан, компанияның қол жеткізген жетістіктері де бар. Мәселен, қауіпсіздік техникасын сақтау бойынша бірде-бір жазатайым оқиға тіркелмеген. Жарақаттану деңгейі «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы бойынша төмендеді.

Сондай-ақ, ҚМГ басшысы 2021 жылға жоспарланып отырған өндірістік мақсаттар туралы сөз қозғады, соның ішінде, мұнай өндіру процесін цифрландыру, қолданыстағы ұңғымалар қорын зерттеу мен талдау және т.б.

- Ең басты мақсат – техника қауіпсіздігін сақтау. Ағымдағы жылдың 2 айының қорытындысымен өткен жылдың есепті кезеңін салыстырғанда, техника қауіпсіздігін сақтамау көрсеткішінде өсім байқалады. Сондықтан, еншілес компаниялардың басшыларына бұл мәселені бақылауда ұстауды тапсырамын, - деп атап өтті ҚМГ басшысы А.Айдарбаев.

Сонымен қатар, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығы баса айтылды.

- Қоршаған ортаны қорғау – мәні мен маңыздылығы жағынан алдыңғы қатарда келетін өзекті мәселе. Биыл экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, жаңа технологияларды, декарбонизация жобаларын енгізуге, Қазақстан Республикасының көміртегі балансын төмендетуге және т. б. бағытталған жаңа Экологиялық Кодекс бекітілді. Осыған орай, биылғы жыл «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы бойынша «Экология жылы» болып жарияланып, сәйкесінше іс-шаралар жоспары қабылданды. Бұл бағыттағы жұмыстарды қайта қарап, бекітілген іс-шараларды іске асыруымыз керек, - деді А.Айдарбаев.

Жиын соңында ҚМГ басшысы Бас компанияның алдағы қызметінің стратегиялық басым бағыттарына тоқталды. Атап айтсақ, **экономикалық тиімді өндіріс, қоршаған ортаға залалды азайту және қауіпсіздік техникасын сақтау.**

Яғни, ҚМГ басшысының айтуынша, қазіргі мезгілде алдыңғы кезекте тұрған мәселе мұнай өндіру көлемін ұлғайту немесе сақтап қалу емес, керісінше экономикаға қарап тиімсіз іс шараларды азайту, түсетін қаржы көлемін төмендетпеу немесе ұлғайту болып табылады.

## «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның алдағы қызметінің стратегиялық басым бағыттары:

### Экономикалық тиімді өндіріс



### Қоршаған ортаға залалды азайту



### Қауіпсіздік техникасын сақтау





## «ЕМБІМҰНАЙ ГАЗ» АҚ СУ РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ ҚАҒИДАСЫ

Компанияда су ресурстарын қорғауды дамыту шеңберіндегі бірқатар жобалар коронавирустық инфекция пандемиясына және карантиндік іс-шараларға байланысты 2020 жылы 2021 жылға ауыстырылды. Алайда, күнделікті қызмет барысында ЕМГ су ресурстарын ұқыпты және ұтымды басқаруға ұмтылады.

ЕМГ суды тұтыну 2020 жылы 412,8 мың м<sup>3</sup> құрады. Соның ішінде, техникалық қажеттіліктерге - 294 мың м<sup>3</sup>, тұрмыстық қажеттіліктер үшін - 58,7 мың м<sup>3</sup>. Есепті кезеңде суды жіберу көрсеткіші 28,2 мың м<sup>3</sup> болды. Айта кету керек, Компания ластанған суларды табиғи жерүсті су айдындарына жібермейді.

2018 жылы «Су ресурстарын ұтымды пайдалану» стратегиялық жобасы әзірленген болатын. Бұл жобаны әзірлеудің мақсаты – «Ембімұнайгаз» АҚ-да су ресурстарын кешенді жоспарлауға, басқаруға, ұтымды пайдалануға, сондай-ақ, қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға мүмкіндік беретін су ресурстарын тиімді пайдалану жүйесін құру болып табылады.

Сіздердің назарларыңызға «Ембімұнайгаз» АҚ-ның су ресурстарын пайдалану бойынша **8** қағидасын ұсынып отырмыз.



**Біз адам өмірі мен денсаулығы үшін және біздің өндірістік қызметіміз үшін судың аса зор құндылығын түсінеміз және елдің су ресурстарына ұқыпты және ұтымды қараудың маңыздылығын сөзсіз қабылдаймыз.**



**Біз Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауға ғана емес, сондай-ақ, халықаралық стандарттар мен үздік тәжірибелерге сай болуға, сондай-ақ, өңіріндегі барлық мүдделі тараптардың пікірін ескеруге ұмтыламыз.**



**Біз басқару шешімдерін қабылдау және операцияларды басқару кезінде тұщы суды сақтау және оны пайдалану тиімділігі мәселелерін ескереміз.**



**Біз судың тікелей немесе делдалдар арқылы сатып алынғанына қарамастан, судың бастапқы көздерінің жағдайын түсінеміз және бағалаймыз.**



**Біз өндірістік мақсаттар үшін сапалы ауыз суды пайдаланбаймыз.**



**Біз суды жинау мен тартуды 100 % аспаптық есепке алуға ұмтыламыз.**



**Біз суды мүмкіндігінше қайта пайдалану және суды тазарту сапасын жақсарту үшін су айналым жүйелері мен үнемдеу технологияларын енгізу есебінен таза су алуды барынша қысқартуға және көлемдерін төмендетуге ұмтыламыз.**



**Біз су ресурстарын басқару жүйесін үздіксіз жетілдіру үшін озық тәжірибені зерделеу мақсатында халықаралық бастамаларды қолдап және салалық қауымдастықтарға қатыса отырып, әлеуетті арттырамыз.**

### Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

#### ӨНДІРІСТІК БӨЛІМШЕЛЕРДЕ ГІ ҚАУІПСІЗ КҮНДЕР

Әдеттегідей назарларыңызға Компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелер бойынша жазатайым оқиғасыз күндер есебін ұсынып отырмыз.

Ағымдағы жылдың 1 тоқсанының күні мен «Доссормұнайгаз» МГӨБ қорытындысына сәйкес, 2031 күн- (830) – алғашқы үштікте.

2021 жылғы 1-сәуірдегі мәлімет бойынша:	
«Ембімұнайэнерго» басқармасы	2031 күн
ӨТҚЖЖК басқармасы	2031 күн
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ	1444 күн
«Доссормұнайгаз» МГӨБ	830 күн
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ	552 күн
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ	33 күн

### Құттықтау

#### ҚҰРМЕТТІ ГЕОЛОГТАР!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Қазақстандық геологтардың еңбегі мақтануға тұрарлықтай. Ардагер-геологтардың қажырлы еңбегінің арқасында Қазақстанда жаңа кен орындары ашылып, елдің минералды-шикізат базасы едәуір артты.

Бүгінде геологтар, әрқайсысы өз учаскесінде мемлекеттің одан әрі дамуына қомақты үлес қосып, оның ресурстарын көбейтіп, халқымыздың экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатының өсуін қамтамасыз етуде.

Барлық геологтарға пайдалы қазбаларды іздеудегі қиындықтарды жеңуге деген ерлігі, төзімділігі мен шыдамдылығы үшін алғыс айтамыз. Сіздерге денсаулық және отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз!

*Ізгі тілекпен,  
«Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы*



## ӨМІРІ ӨНЕ ГЕМЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН



Қазақстанның геология саласы елімізді дамыту және қалыптасу тарихымен тығыз байланысты. Қазақстандық геологтардың күшімен мыңдаған пайдалы қазбалар кен орындары ашылды, мемлекеттің қуатты минералды-шикізаттық қоры құрылды. 100 жылға жуық тарихында ембілік геологтар да еліміздің геология саласында айшықты қолтаңбаларын қалдырды. Солардың бірі – ардагер геолог, КСРО құрметті мұнайшысы Мақаш РАХМЕТОВ.

Рахметов Мақаш С.М. Киров атындағы Мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін еңбек жолын сонау 1956 жылы бастаған. Ардагермен әңгімемізде ол академик Қаныш Сәтбаевтің еңбек жолдарын және оның ашқан қазба байлықтарын естіп, геолог мамандығын тандағанын айтады.

Қазақ ССР геология министрлігіне қарасты Батыс Қазақстан геология басқармасының барлау басқармасында коллектор, геолог, аға геолог болып жұмыс істеді. 1963 жылдан бастап «Ембімұнайгаз» бірлестігіне қарасты Прорва бұрғылау конторы, Балықшы барлау бұрғылау, Прикаспий және Атырау бұрғылау басқармаларында бас геолог болып қызмет етті.

Қырық жылдай еңбек өтілінде М.Рахметов еліміздің геология саласына өшпестей із қалдырды. Жоғарыдағы аталмыш 4 бұрғылау мекемесінде жұмыс жасаған кезінде 18 мұнай кен орнын ашқан. Ол – осы аталған мұнай кеніштерін ашушы, іздеу-барлау ұңғымаларының негіздемерін және қазу актілерінің авторы екенін қазір біреу білсе, кейбірі білмес. Олардың ішінде, атап айтқанда Ақінген, Аққұдық,

Ботахан, Шығыс Мақат, Оңтүстік Шығыс Новобогат, Батыс Новобогат, Оңтүстік Шығыс Қамысты, Қондыбай, Уаз және Ровное – «Ембімұнайгаз» АҚ балансында.

Мақаш Рахметов басқарған геологиялық қызмет орны Каспий маңы, Балықшы барлау және бұрғылау жұмыстары басқармаларының мұнай қорын молайту жұмыстарының жыл сайынғы көрсеткіштерін арттыруға үлкен үлес қосты. Және Батыс Қазақстанда жаңадан ашылған мұнай және газ кеніштерін игеру кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне көп еңбек сіңірді.

- Сол кездегі қиындықтар жөнінде көптеген мысал келтіруге болады. Соның бірін атап өтейін: Теңіз кен орнынан бұрын тұзасты палеозой мұнай қабатындағы Пустынный кен орны ашылды. Оның ашылуы Теңіз алаңын барлауды тездетті және оның іске қосылуына себепкер болды. Оның мұнайында күкірттісутегі 19%-ды құрады және мұнай қабатының қысымы өте жоғары болды. Теңіз ашылғаннан кейін одақтық мұнай министрлігінің Пустынный кен орнына көзқарасы өзгерді, - деп еске алады ардагер.

Жүргізілген зерттеудің нәтижесі үлкен геологиялық мәні бар Пустынный алаңында бұрғылау жұмыстарын бастауға жол ашты.

Мұнай кеніштерін бұрғылау және мұнай өндіру кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөнінде жазылған М.Рахметовтің бірнеше мақалалары республикалық және облыстық газеттер беттерінде жарық көрді.

Ардагер жалындаған жастық шағын арнаған Ембі ұжымымен әлі де байланысын үзбей, ақыл-кеңестерін айтып отырады. Ембілік жастармен кездесуінде ол: «Қазір сіздерде мүмкіндік мол. Кезінде біз 1 ай ішінде орындаған жұмысты сіздер 3 күнде орындай аласыздар. Біздің кезімізде қиын болды, геологтар кең профильді мамандар деп есептелетін. Болашақ ұңғымалардың сызбасын сызу үшін біз логарифмдік сызғышпен және картамен жұмыс істедік. Сіздер қазір ол үшін қуатты компьютерлерді қолданасыздар. Тұратын вагондар жетіспей, геологтарды бұрғылаушылармен бірге орналастыратын. Мен 1984 жылы Англияда іс-сапарда болып, ол жерден алғаш рет мұнай компаниясы қызметкерінің әрқайсысының кабинетінде дербес компьютер бар екенін көрдім. Сол кезде біздің балаларымыз да осындай техникада жұмыс істесе деп армандаған едім, сол арманым орындалды! – деген еді.

Өмір жолы өнегемен өрнектелген Мақаш Рахметов 1997 жылдан бастап Құрметті демалыста. Өзінің ұстаздары – Нарен Имашев, Жолдасқали Досмұхамедов және Берман Исаак Наумовичтардың есімдерін әлі күнге дейін үлкен құрметпен еске алып отырады. Десек те, кейінгілерге берер тәлімі мен тәжірибелік кеңесі әлі де мол.

## ЖАНЫ ЖАЙСАҢ АЗАМАТ

*Ембі өндірісінің дамуында өзіндік қолтаңбасы бар ардагер мұнайшы Ерсайын Қосанов 80 жасқа толып отыр. Ардагердің өмір жолдарынан естелік ойланды ортаға салғанды жөн көрдім.*

Менің Ерсайын Қосановпен алғашқы таныстығым 1967 жылы, Сарықамыс поселкесінде орналасқан терең бұрғылау басқармасында электромонтер болып еңбек етіп жүрген кезімде басталды. Ерсайын Қосанов осы басқармаға энергетика саласының маманы ретінде жұмысқа орналасты. Жылыой өңіріндегі Прорва, Терең-Өзектегі Пустынный кен алаңдарында бұрғылау жұмыстары кең қарқынмен жүргізіліп жатқан кез еді. Жұмыс басына білгір, талантты жергілікті азаматтар келді.

Ұжымда өзін білікті маман, мәдениетті, адамгершілігі жоғары азамат ретінде тез танылған Ерсайын аға ортаға сыйлы бола білді. Кейін оның жұмысқа деген жауапкершілігі, білімі басшылық тарапынан жақсы бағаланып, жоғары лауазымды жұмыстарға ауысып, басқа ортаға кетті. Мен де сол жылдарда Жылыой ауданындағы іргелі ұжым – «Құлсарымұнайгаз» мұнай-газ өндіру кәсіпшілігіне жұмысқа тұрдым. Басқарманың энергетика саласында еңбек еттім. Сөйтіп, жолымыз екі бағытта жалғасты.

Ерсайын Қосанов – ауданның дамуында зор үлесін қосқан азамат. Ауданда әр түрлі басшылық қызметтерді абырой биігінде атқара білді. Ембі аудандық партия комитетінің өнеркәсіп және транспорт бөлімінің меңгерушісі болып қызмет еткен жылдарда ауданның әлеуметтік және экономика салаларында ауқымды жұмыстарға араласып, өзінің қолтаңбасын қалдыра білді. Сол жылдарда біздің аудан қай салада болмасын, соның ішінде, өнеркәсіп саласы: мұнай-газ, көлік, құрылыс бағытарында, сонымен қатар, ауыл шаруашылығында да облыс бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, көш басында болған кезеңдер еді. Тіпті, аудан сол жылдары бүкілодақтық социалистік жарыстардың бірнеше рет жеңімпазы атанған болатын. ВЦСПС-тің Ауыспалы Қызыл туын жеңіп алды. Осы жұмыстардың басы-қасында, ұйымдастыру жұмыстарында білікті де білгір маман Ерсайын Қосанов жүрді.

Ерсайын ағамыз кейіннен, бұдан да жоғары жауапты қызметке ауысып, Ембі аудандық Атқару комитеті төрағасының орынбасары лау-



азымына тағайындалды. Ағамыздың еңбек жолдарына назар аударсақ, ол сол кездерде Кеңес Одағына кеңінен танымал болып үлгерген кәсіпорын – «Теңіз мұнайгаз» мұнай-газ өндіру бірлестігіндегі партия комитетінің хатшысы, бірлестіктің бас директорының орынбасары сияқты жоғары қызметтерде болды.

1999 жылы «Теңіз мұнайгаз» бірлестігі мен «Ембі мұнайгаз» бірлестігі біріктірілді. Ерсайын ағамыз аудандағы іргелі ұжым «Құлсарымұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы басшысының әлеуметтік сала және транспорт істері бойынша орынбасары болды. Түсіне білген адамға әлеуметтік сала – жауапкершілігі мол, өте ауыр жұмыс екені мәлім. Мен сол жылдарда әлеуметтік бөлімнің басшысы болып, осы басқармада еңбек етіп жатқан едім. Сөйтіп, Ерсайын ағамен тағы да бір ұжымда еңбек ету мүмкіндігіне ие болдым. Оның ағалық қамқорлығын көрдім, мол тәжірибесінен үйрендім, тәлім алдым. Бірлесе отырып, сыйластықта салмағы мол жұмыстарды бірлесе атқардық. Мұнайшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында тың жобаларды жүзеге асырарда, қоян-қолтық бір саптан табыла білдік. Бүгінде мұның бәрі – тарих. Алайда, көңілде сақталған ағаға деген жылылық, сыйластық сол қалпында сақталды. Бүгінде сексеннің сеңгіріне шыққан ағамды мерейлі жасымен құттықтай отырып, жаны жайсаң осындай тамаша жандармен жүздестірген тағдырыма алғыс айтамын.

Ұрпақтың амандығын көруге жазсын, сыйлас аға!

**Рахмет ҚАШАБАЕВ,**  
Жылыой ауданының Құрметті азаматы.  
Нұр-Сұлтан қаласы



# ЕМБІ ӨНДІРІСІНДЕ ЖЕДЕЛ ӘРЕКЕТ ЕТУ ОРТАЛЫҒЫ ІСКЕ ҚОСЫАДЫ

(Жалғасы. Басы 1 бетте)

Верификацияланған деректерді алу, кен орындарынан жедел кері байланыста болу, сондай-ақ, «Интеллектуалды кен алаңы» жобасын одан әрі дамыту үшін Компания басшылығы өндірістік құрылымдық бөлімшелерде жауапты қызметкерлерді бекіте отырып, ситуациялық орталықтар ашу туралы шешім қабылдады.

Айта кетейік, бұған дейін өндірістік басқармаларда мұндай арнаулы кабинеттер болмаған. Кен орындарының жағдайы туралы деректер базасы күн сайын түсетін мәліметтер негізінде жасақталып отыратын.

Енді әр өндірістік басқарманың өз алдына толық заманауи технологиямен жабдықталған өз орталығы бар. Орталықтардың барлығы да ақпаратты интерактивті ұсынудың заманауи техникалық құралдарымен жабдықталған.

Бұл мәліметтер Компанияның бас кеңсесіндегі онлайн-режим жүйесі арқылы өндірісті қашықтықтан басқару мүмкіндігіне ие Өндірісті жедел



ша бөлінген мониторлармен жұмыс жасайды. Осындай мүмкіндіктер құрылымдық бөлімшелерде де бар. Сол арқылы өндіріс жағдайын бақылауға, шығындарды азайтуға, процесстегі өзгерісті бірден байқап, дереу қалпына келтіруге, ұңғымалардың тоқтауда болатын уақытын азайтуға мүмкіндік алып отырмыз.

Өндірісте осындай заманауи орталықтар ашу жөнінде ұсынысымызды Компания басшылығы қолдап Компаниялар арасында кабинеттерді техникалық қамту бойынша конкурс жүргізілді, - дейді **Өндірісті жедел басқару департаментінің өндірісті жедел басқару бөлімінің бастығы Әзидолла АХМЕТОВ**.

Сонымен қатар, **Өндірісті автоматтандыру және ақпарат технологиясы департаменті директоры Болат НСАНБАЕВТЫҢ** айтуынша, өндірістік басқармаларда Жедел басқару орталығындағы жауапты қызметкерлердің Орталық кеңсенің мамандарымен бірлескен жұмысы «Интеллектуалды кен алаңы» жобасының енгізуге қажетті (талап етілетін) модульдерін дамытуға мүмкіндік береді.

Осы орайда «орталық арқылы қандай жетістіктерге қол жеткізуді жоспарлап отырмыз?» деген нақты сауал туындайтыны орынды. **Кен орындарын**



басқару орталығына тікелей түсіп отырады. Нақтырақ айтсақ, технологиялық үдерістерді басқару автоматтандырылған жүйесін, жөндеу бригадалары мен көлік мониторингін бақылау жүйесін, Компанияның «Сандық кен алаңы» тұжырымдамасына қосылған кен орындарындағы әр ұңғыманың мәліметтерін бірнеше шақырым қашықтықта отырып-ақ экран арқылы бақылап отыруға мүмкіндік қарастырылған. Сондай-ақ, көлікті бақылау жүйесі технологиялық көліктердің жұмысын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл мағлұматтар орталықтағы базаға жинақталып, соның негізінде дереу шешімдер қабылданады.

Айта кетсек, компанияның бас кеңсесіндегі Өндірісті жедел басқару орталығы да модернизациядан өтіп, жаңа технологиялармен толық қамтылды. Ең бастысы, қызметкерлерге жұмыс жасауға ыңғайлы етіп жасақталған.

- Ал, қазір әр қызметкер – технологтар, геологтар, көлік қызметкерлері және т.б. бір-біріне кедергі келтірмей, өзінің жауапты бағыты бойын-



**игеру жөніндегі басқарушы директор Қайрат КӨЗОВТИҢ** мәлімдеуінше, осы орталықтың көмегімен болашақта бұрғылау, ұңғыманы күрделі жөндеу, жерасты жөндеу процесін онлайн режимде жүзеге асыру мүмкіндігі пайда болмақ. Бұл өз кезегінде негізгі өндірістік процестерді қашықтықтан бақылауға қызметкерлерді тарту мүмкіндігін арттырады.

Сонымен қатар, жаңа ОИТҚ (ЦИТС) кабинеттері кен орындарындағы көлік қозғалсын да толық бақылауға мүмкіндік береді. «Өндірістік басқармалардағы жаңа орталықтар арқылы онлайн режимінде тапсырыстардың орындалуын, көлік құралдарының жүру бағытын және маршруттан ауытқуын бақылай аламыз. Бұл, ең бастысы, жол-көлік оқиғаларының алдын алу, жұмысшылардың қауіпсіздігі үшін қолға алынды», - дейді **Көлік департаменті автокөлік бөлімінің бастығы Мәлік ТӨРЕСАЕВ**.

**Р.С.** «Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» деп **Ы.Алтынсарин** айтқандай, бұл жаңа сандық орталықтар Атырау облысының түкпірінде орналасқан ембілік кен алаңдарының жұмысын тікелей бақылап, Ембі өндірісінің дамуына тың серпін береді деген сенім мол.





# ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНДАҒЫ ЖИНАҚ

НЕМЕСЕ

## ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНДАҒЫ ҚАРАЖАТТЫҢ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАТЫН БӨЛІГІ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

2021 жылдың басында (02.01.2021 ж.) Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев зейнетақы жинағының бір бөлігін мақсатты пайдалану туралы заңға қол қойды. Содан бері көпшілікті зейнетақы қорында жиналған қаражаттың белгілі бөлігін қалай алсам? деген сауал мазалап жүргені шындық. Өздеріңіз жақсы білесіздер, Қазақстанның зейнетақы жинақтарын пайдалану үшін оның «жеткілікті шегі» жарияланды. «Жеткілікті шек» дегеніміз не, оны қалай білуге болады?

Жеткілікті шек дегеніміз – сіздің шотыңыздағы еліміздің ең төменгі зейнетақының көлемімен бірдей қаражат. Сол қаражат сіздің шотыңызда қалуы керек. Ал, үстіндегі ақшаның салық ұстағаннан кейінгі мөлшерін ала аласыз. Ол үшін алдымен электронды кілтіңіз арқылы бірыңғай зейнетақы жинағындағы жеке кабинетіңізге кіріп, өзіңіздің осы күнге дейінгі жиналған қаражатыңыздың мөлшерін білуіңіз қажет. Сол жерде сізге ұсталынғаннан кейін қолыңызға тиесілі қаражаттың да көлемі нақты көрсетілген.

Алдын-ала жүргізілген есептік деректерге жүгінсек, 2021 жылы зейнетақы қорындағы қаражаттың бір бөлігін тек 721 мың азамат қана ала алады. Соңғы деректерге жүгінсек, бүгінгі таңда еліміздің 190 мыңға жуық азаматы аталмыш қаражаттарын алып үлгерген екен.

Енді кімдер зейнетақы қорындағы қаражаттан ала алады? Олар тұрақты жұмысы бар, еліміздегі орташа жалақы

көлемінде тұрақты табыс табатын қазақстандықтар. Бір жақсысы, үйіңізден ешқайда шықпастан, банкте сағаттап кезекке тұрмастан, онлайн форматта құжаттарыңызды рәсімдей аласыз. Бұл орайда, зейнетақы жинағын жұмсауға арналған онлайн- платформа дайындалды. Егер сіз «Отбасы банкі» АҚ-ның клиенті болмасаңыз, «Отбасы банкінде» онлайн режимде арнайы шот ашу керек.

Енді жұрттың көкейінде жүрген сауалдарға қысқаша тоқталсақ.

**Зейнетақы жинағының бір бөлігін қандай мақсатта пайдалануға болады?**

- Ипотека қарызын өтеуге;
- Ипотекасыз тұрғын үй сатып алуға;
- «Отбасы банкінен» тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі бойынша ипотекаға тұрғын үй замын алуға;
- Ипотека қарызы үшін бастапқы жарнаны төлеуге;
- Ипотекалық тұрғын үй қарызын қайта қаржыландыруға;
- Зейнетақы жинағындағы соманы жақын туысыңызға беруге;
- Емделуге.
- Сонымен қатар, қаражатты Жекеменшік қаржы компанияларының басқаруына беруге болады. Бұл бойынша салымшы белгілі бір компанияларға шотындағы қаражаттың бір бөлігін басқаруға рұқсат берді. Қазіргі уақытта зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруға қатысты төрт инвестициялық

портфельді басқарушымен (ИПБ) шарт жасасты. Олар: «ЦентрКредит банкі», «Сбербанк», «АТФ банкі».

**- Емделу үшін қаражатты қалай пайдаланамыз?**

- Әзірге бұл мақсат үшін «Отбасы банкі» ғана қызмет көрсетеді. Бұл мақсатта банкте арнайы есеп шот ашылады.

**- Бұл қаражатқа шетелден баспана сатып алуға бола ма?**

- Болмайды. Біржолғы зейнетақы төлемін тек Қазақстан аумағында ғана жұмсасыз, демек, алатын баспанаңыз ел аумағында болуы керек.

**- Сатып алған үйді қайта сатуға бола ма?**

- Болады. Қалай сатады дейін болсақ, егер салымшы біржолғы зейнетақы төлемін пайдаланып, мерзімі 5 жылдан асатын ипотекаға үй сатып алса, оны 5 жыл ішінде сата алмайды. Азамат тұрғын үйді біржолғы зейнетақы төлемі есебінен және өз қаражатымен толық сатып алып, меншігіне рәсімдесе, онда ол баспанасын қайта сатуға тыйым салынбайды.

Онлайн форматта банкке берген өтінішіңіз 5 жұмыс күнінің ішінде қаралып, сіздің шотыңызға тиесілі қаражат түседі. Қаражатты сіз 45 күннің ішінде жұмсап үлгеруіңіз керек. Егер 45 күннің ішінде сіз шотыңыздағы қаражатты мақсатты пайдаланбасаңыз, (үлгермей қалсаңыз) ақша кері зейнетақы қорына түседі.

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ПАЙДАЛАНУЫ

Тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін зейнетақы жинақтарын пайдалану

– тұрғын үй сатып алу (бастапқы және қайталама нарықта) немесе жер учаскесін;



– ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру немесе өтеу (кез келген екінші деңгейдегі банкте, кез келген бағдарлама бойынша);



– жеке тұрғын үй салу немесе жөндеу;  
– тұрғын үй жағдайын жақсартудың басқа нұсқалары.

Зейнетақы қаражатының бір бөлігін пайдалану құқығы 2021 жылдан бастап берілетін болады.

Егер мақсатты пайдалануға қажет болса, отбасы мүшелерінің қаражатын біріктіруге болады.

### ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНДАҒЫ АҚШАСЫН ҚАНША ЖИНАҒЫ БАР САЛЫМШЫ АЛА АЛАДЫ?



30 ЖАС	- 2 млн 518 мың тг жинақ
35 ЖАС	- 2 млн 961 мың тг жинақ
40 ЖАС	- 3 млн 437 мың тг жинақ
45 ЖАС	- 3 млн 947 мың тг жинақ
50 ЖАС	- 4 млн 495 мың тг жинақ
55 ЖАС	- 5 млн 84 мың тг жинақ
+59 ЖАС	- 5 млн 586 мың тг жинақ




## КАК ЗАПУСКАЛСЯ ТЕНГИЗ

*Ровно 30 лет назад, 6 апреля 1991 года, состоялся исторический запуск комплексной технологической линии с первой нефтью с Тенгизского месторождения. Это событие стало итогом почти тридцати лет упорных поисковых работ эмбинских геологов-нефтяников на территории нынешнего Тенгиза. На момент открытия месторождения официально было признано, что нефтяные запасы Тенгиза составляют около 3 млрд тонн, а начальные извлекаемые – почти 1 млрд. За прошедшие 20 лет добыча нефти на месторождении выросла почти в 30 раз, а после запуска проекта по расширению третьей очереди, достигнет 39 млн. тонн в год.*



В центре Булекбай Сагингалиев и крайний справа Булат Еламанов



Бурение на Тенгизе

### ОТКРЫТИЕ ТЕНГИЗА

Несмотря на то, что добыча нефти на эмбинских месторождениях иностранными нефтепромышленными обществами началась еще в конце 19-ого века, в масштабах Советского Союза, это были незначительные объемы. И только с открытием Тенгизского месторождения топливно-энергетический баланс Казахстана резко нарастил потенциал, а масштабы месторождения превысили даже самые смелые прогнозы.

История месторождения, сделавшего Казахстан одним из мировых лидеров по запасам углеводородного сырья, получила развитие в 1971 году, когда руководить производственным объединением «Эмба-нефть» приходит Булекбай Сагингалиевич Сагингалиев (1927-2009 гг.). Как вспоминал доктор технических наук, лауреат Государственной премии Казахстана, Булат Еламанов, в начале 70-х, с первого дня своего пребывания на посту генерального директора «Эмба-нефти», Булекбай Сагингалиевич поставил коллективу задачу: «Так жить дальше нельзя. Нефтяная Эмба еще не сказала своего последнего слова. Будущее старой Эмбы в новой подсолевой нефти. И мы будем ее искать, несмотря ни на какие природные и бюрократические трудности».

Имея на руках обобщенную информацию и будучи уверенным в правильности сделанных выводов, группа специалистов объединения во главе с Б.С. Сагингалиевым отправилась в Москву, чтобы там, в министерстве, добиться полномасштабного финансирования геологоразведочных работ на перспективном месторождении.

Заслуженный геолог Республики Казахстан Орынгазы Исказиев, участник той знаменательной поездки в Москву, вспоминал: «На совещании у министра было много академиков, докторов наук, профессоров из различных НИИ Москвы и Ленинграда. Они усомнились в том, что на глубине 4000-5000 метров может быть нефть. «А если есть, то это конденсат или газ», - говорили они. Мы вступили в жаркий спор. Дискуссия шла 2 дня. Наконец, на третий день, мы смогли убедить всех, что нефть на Тенгизе есть. Это была наша победа. В Казахстан мы возвращались окрыленными».

В мае 1976 года объединение получило разрешение на проведение поисковых буровых работ. Но только спустя 3 года, во время испытания первой

скважины, из-под земли вырвался мощнейший нефтяной фонтан, поставивший точку в долгих спорах и сомнениях, сопровождавших появление одного из крупнейших в мире месторождений. Уникальность Тенгиза заключалась еще и в том, что нефть на нем добывалась из подсолевых отложений - с глубин, превышавших 4.000 м.

Окончательно судьба Тенгиза была решена в августе 1980 года, когда Булекбай Сагингалиев вновь поехал в Москву, где «добро» на все действия, связанные с завершающими работами на месторождении, он получил лично от Алексея Косыгина, возглавлявшего Совет Министров СССР.

### БОЛЬШАЯ СТРОЙКА

Спустя год, в 1981 году, по поручению Министерства нефтяной промышленности СССР специальным приказом производственного объединения «Эмба-нефтьгаз» в НГДУ «Кульсарынефтегаз» создается небольшая Тенгизская технологическая группа. Первым ее руководителем был назначен Нурлан Балгимбаев, а после его скорого ухода главным инженером в объединение «Актюбинскнефть», группу возглавил Булат Еламанов. Группа в составе главных технологов - Шамбая Уразалиева, Нурлана Саркытова, Бориса Васильева, Юрия Балдуева и операторов проводила испытательные работы на скважине №1 на площади Тенгизского месторождения под пристальным контролем руководства объединения «Эмба-нефтьгаз». Параллельно, в 1982 году, рядом с Тенгизом, в ходе разведочного бурения, была открыта еще одна мощная структура – Королевское месторождение.

Казахстанские нефтяники на Тенгизе впервые тогда столкнулись с высоким содержанием серы, ввиду чего пришлось закупать иностранное оборудование. В частности, из Канады были доставлены установка ПОРТО ТЕСТ и задвижки «Камерон». По этой же причине, на уровне Миннефтепрома было принято решение провести международный тендер с участием специализированных компаний, имеющих опыт разработки нефтегазовых месторождений с высоким содержанием сероводорода. В результате тендера, в проектировании завода, кроме советских нефтяных институтов, участвовали компании LURGI из ФРГ, в разработке систем автоматизированного управления заводом и промыс-

лом - канадские компании LAVALIN и французская LITVIN. Контракт на строительство завода получила венгерская компания «Ведьепсер».

Одновременно, в 1987 году началось строительство нового города нефтяников. Основной объем строительно-монтажных работ по освоению Тенгизского месторождения выполнял специально созданный трест «Прикаспийнефтегазстрой», включавший несколько строительных управлений разной специализации.

- Надо отдать должное проектировщикам и строителям: к апрелю 1991-го года Комплексная технологическая линия 1 была построена и прошла полный цикл пуска-наладки. Был построен современный газоперерабатывающий завод, способный очистить подсолевую нефть от агрессивных составляющих сероводорода и меркаптанов. Впервые в практике отечественной нефтяной промышленности, по-новому решался вопрос управления промыслом и заводом, введенным в единый цикл с помощью специально разработанной автоматической системы управления на основе современных ЭВМ. У нас практически все было новейшее, и ко всему вполне оправданно применялся эпитет «впервые», - вспоминает экс-заместитель генерального директора ТОО «Тенгизшевройл» Ануарбек Джакиев.

### ИСТОРИЧЕСКИЙ ЗАПУСК И ПРИХОД ШЕВРОНА

По воспоминаниям очевидцев, перед запуском первой КТЛ рабочая группа безотрывно находилась на Тенгизе около месяца. Исторический запуск первой КТЛ состоялся 6 апреля 1991 года, когда главный технолог Борис Васильев и операторы Абдулхамит Артыгалиев и Гафур Аубакиров запустили скважину Т-8. К 18.00 часов вечера была запущена скважина 8, пройдена цепочка нефтесборной системы промысла, включая групповую замерную установку 15 - Центральный промысловый манифольд, Слаг-кетчер, и первая нефть наконец-то достигла завода. На заводской комплекс пошла сырая нефть для очистки от сероводорода и примесей. Состоялся пуск Тенгизского нефтегазового комплекса и началась промышленная добыча нефти на Тенгизе.

Лаура Сулейменова



## КӨКТЕМ

Шығыстан жел тұрыпты дауылдаған,  
Заманамыз өтіп жатыр зауылдаған.  
Буырқанып соғады ішін тартып,  
Тазартқандай жер бетін зауалдардан.

Шаруа малын бағар бейімделіп,  
Жел жүр ғой аласапыран сейіл құрып.  
Ұқсатамын бұл желді балаға мен  
Сұрағандай сүйіншісін пейілденіп.

Байқалады күн райы жылынғандай,  
Салқындықтың қамалы бұзылғандай.  
Адамзаттың пейілі дұрыс болса,  
Қуаныңдар, жоғалғаның табылғандай.

Соғындаршы, желдерім, сағың сынбай,  
Жазайыншы жырларымды қолым  
тынбай.

Тазартыңдар жер бетін күл-қоқыстан  
Кетер мекен жамандықтың бәрі қыңбай.

**Жұмабай АМАНОВ,**  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ Б. Жоламанов  
кен орнының мұнай-газ өндіру  
операторы

## КӨКТЕМ КЕЛДІ

Көктем келді, қызғалдағы құлпырып,  
Күн сәулесі жанарыма үңіліп.  
Оятқандай мені ұйқыдан күлімдеп,  
Төсегімнен қыс көрпемді сыпырып.

Сықылығы торғайлардың бітпейді,  
Әуендетіп тереземнен кетпейді.  
Шақырғандай шуағына даланың,  
Көңілімнің көбелегін тербейді.

Ағаштардың бүршіктері гүлдейді.  
Жұпарымен тұла бойды билейді,  
Кең құшағы жүрегімнің ашылып,  
Шабыт толып, көкіректі кернейді.

Аттағандай тағы да бір өткелді,  
Өткен күннің жабылады беттері.  
Жаңа күнге жаңалығын арқалап,  
Өз Наурызды өзімен ала келді.

**Ораз ТӨЛЕШОВ,**  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ №5 мұнай  
және газ өндіру цехының 4 разрядты  
операторы

## КӨКТЕМГЕ ТІЛЕК

Келдің бе, көктем-ару, көп күттіріп,  
Бөртпе күйлі көңілді бөрткітіріп.  
Тартуынды тартынбай, шаш далама,  
Қыс қалдығын шық қуып, желпіп,  
түріп.

Келгенінді ел күткенмен мезгілімен,  
Кешігерін үміттің сезді білем.  
Шошып қалған індеттен, ағайынды,  
Қыс-қария қорқытты кездігімен.

Ақ күпісін қара жер шала шешіп,  
Ұмтылады шуаққа дала-бесік.  
Қарбаласы қаланың өзгерусіз,  
Бәйшешекке малынып дала төсі.

Еріген қар жылтындап жылғалардан,  
Төлін санап малшы ауыл қырда қалған.  
Ала доп та шығыпты тепкі жеуге,  
Асықтар да босанып дорбалардан.

Түрлі түске әлемді боямаққа,  
Сиқыр-сырды әкелдің қай алапқа?  
Немеремен әуре боп шал мен кемпір,  
Қыз-жігіттер сырлассын саябақта.

Көк түсіңе боянсын қайта бел де,  
Кеткен құсты легімен қайтар елге.  
Өкпек жел де тығылсын өз «үйіне»,  
Шуағынды шәугімге қайта демде!

Табиғат та мойындап меншігіңді,  
Бұтақ біткен іліп ап бүршігіңді.  
Сылқым Жайық сылдырап еркелейді,  
Сылып тастап мұз-көрпе қырсығыңды.

Тал-теректер көк сырға тағып алып,  
Айналаны құс біткен қазына ғып.  
Індет кетіп, ізгі өмір бастауы бол,  
Толсын көңіл көктемнің сазына лық!

**Жарқын ТЕМЕЕВ,**  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ  
қызметкерлерді басқару және еңбекке  
ақы төлеу бөлімінің еңбекті нормалау  
жөніндегі инженері

## МЕРЕЙЛІ ТЕРЕҢ - ӨЗЕ ГІМ

**Сөзін жазған:**

**Гүлбағыт ИСПАНҒАЛИЕВА,**  
Терең-Өзек мұнай өндіру цехының  
қабат қысымын қолдау операторы;

**Әнін жазған:**

**Тілес ТІЛЕУҚҰЛОВ,**  
жылыойлық күйші-композитор,  
Т.Құлтумиев атындағы музыка  
мектебінің мұғалімі;


1. Шығарған талай еңбектің ерін,  
Жетелеп алға мақсат пен сенім  
Жастары түлеп шыңдарға шыққан,  
Мерейі асқан Терең-Өзегім.

**Қайырмасы:**

Терең-Өзегім, мұнайлы мекен,  
Өзіңді аңсап, сағынып жетем.  
Шыңдаған бәрін шынайы еңбек,  
Ерлері жайсаң, қыздары көркем.

2. Қойнауында бар қазына-байлық,  
Қарсы алған бәрін құшағын жайып.  
Шалғайда жатқан мұнайлы өлке  
Тарихы терең, атына лайық.

3. Адал еңбекті серік еткендер,  
Мұнайшылары терін төккен жер.  
Ырыс боп елге жаралған өлке,  
Ынтымақ-бірлік нұрын сепкен жер.



## ҚҰРМЕТТІ «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады. Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік басқармасы

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

**Меншік иесі:** «Ембімұнайгаз» АҚ

**Шығарушы:** қоғаммен байланыс қызметі

**Бас редактор:** А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

**Таралымы** – 3500 дана.

**Редакцияның мекен-жайы:**

Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

**Хат-материалдарды төмендегі**

**мекен-жайға жолдай аласыздар:**

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmgp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgp.kz

**Редакциялық кеңес:**

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р. Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г. Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т. Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ж. Мұханғалиев - еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директорының орынбасары;

Л. Сүлейменова - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

**Баспахана:**

АҚ «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды.

Алматы қаласы, 050026. Мұқанов көшесі, 223 «В».

тел.: +7 (727) 378 36 46, e-mail: ao@almatybolashak.kz